

**2005 жылғы 10 наурыздағы III шақырылған XVI сессиясының "Қарағанды қаласында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Қағидасын бекіту туралы" N 3 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған кезекті XXVI сессиясының 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 12 шешімі. Қарағанды қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 26 қаңтарда N 8-1-20 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 23 мамырдағы N 52 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2012.05.23 N 52 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағы 8 тармақшасына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2005 жылғы 10 наурыздағы III шақырылған XVI сессиясының "Қарағанды қаласында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Қағидасын бекіту туралы" N 3 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін (2005 жылғы 12 сәуірдегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміндегі тіркелу нөмірі - N 1760, 2005 жылғы 27 сәуірдегі "Взгляд на события" газетінің N 16 (081) ж а р и я л а н ғ а н ) :

1) 2005 жылғы 10 наурыздағы III шақырылған XVI сессиясының "Қарағанды қаласында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Қағидасын бекіту туралы" N 3 шешімінің 1 тармағындағы "Қағидасы бекітілсін" сөздерінен кейін "(әрі қарай - Қағида)" сөздерімен толықтырылсын;

2) Қарағанды қаласында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Қағидасының оң жақ жоғарғы бұрышындағы "Қарағанды қалалық мәслихатының 2005 жылғы 10 наурыздағы кезекті XVI сессиясының N 3 шешіміне қосымша" сөздері "Бекітілген 2005 жылғы 10 наурыздағы кезекті сессияның N 3 шешімі" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) Қағиданың 2 тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: "Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бақ - функционалдық аймаққа бөлінген және ұзақ мерзімді демалысқа арналған жалпы пайдаланыстағы көгалдандырылған аумақ;

2) газон - көгалдандырылған аймақтың ашық учаскелерінде арнайы таңдап алынған шөптердің тұқымын себу арқылы жасалған шөптесін жабынды;

3) жасыл желектер - шығу тегі табиғи және жасанды, азаматтық заңға сәйкес мүлікке жататын және қала меншігі болып табылатын сүректі-бұта және шөптесін өсімдіктер;

4) жасыл алап - бақ ландшафтының ең ірі бірлігі. Шудан, шаңнан қорғайтын, сондай-ақ визуальды изоляция құрайтын ені 100-150 метр;

5) жасыл желектерді қорғау - жасыл желектерді, көгалдандырылған аймақтарды жасыл алаптарды жасауға, сақтауға және қайта өндіруге бағытталған, құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

6) жасыл желектерді жою - жасыл желектердің өсу процесінің тоқтауына әкеліп соғатын зақымдану;

7) жасыл желектердің зақымдануы - ағаштың ұшар басына, діңіне, сүректі-бұта өсімдіктерінің бұтақтарына, олардың тамыр жүйесіне, өсу процесінің тоқтауына, шөптесін өсімдіктердің тамыр жүйесіне және жер бетіндегі бөлігінің зақымдануына зиянды әсерін тигізеді. Бұтақтардың, тамыр жүйесінің, қабық тұтастығының бұзылуы, топырақтың тіршілік қабаты тұтастығының бұзылуы, жасыл желектердің ластануы, не тамыр аумағындағы топырақтың зиянды заттармен ластануы, өртеу және басқа да зиянды әсерлерден зақымдануы - механикалық зақымдану болып табылады;

8) көгалдандырылған аймақтар - табиғи және жасанды жолмен өніп шыққан өсімдіктер орын тепкен, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері және объектілер, бақтар, гүл бақтары, гүлбақшалар орналасқан жерлер, мекен-жайлар, қоғамдық, іскерлік, коммуналдық, өндірістік жерлерге арналған құрылысы шағын аймақтар;

9) көгалдандырылған жалпы пайдалану аймағы - тұрғындар үшін пайдаланылатын аймақ: бақшалар, бақтар, мәдени және демалыс бақтары, мемориалдық кешендер, скверлер, бульварлар, көшелер мен көлік магистралдары, жағалаулық орман-бақтар, лугобақтар, гидробақтар;

10) көгалдандырылған шектеулі пайдалану аймағы - тұрғын-жай құрылысы, азаматтық, өндірістік құрылыстар, халыққа қызмет көрсету мекемелері, емдік, оқу және ғылыми мекемелер, халықтың жекелеген топтарының пайдалануына арналған санитарлық-қорғау аймақтары;

11) көгалдандырылған арнайы аймақ - тәлімбақтар, гүлдік-оранжереялық шаруашылық аймақтары, көрмелер, ботаникалық, дендрологиялық және зоологиялық бақтар, зираттар;

12) өтемдік көгалдандыру - жойылған немесе зақымданған жасыл желектердің қайта өндірісі;

13) өтемдік құн - жасыл желектердің зақымдануы немесе жойылуы кезіндегі олардың құндылығын есепке алу үшін тағайындалған, жасыл желектерді күтіп-баптауға және тұрғызуға жұмсалған шығындарды қосқандағы құндық

бағалануы. Өтемдік құнға, екпелерді қайта өндіру (отырғызу), оларды ұзақ уақыт күту шығындары, сонымен қатар жасыл желектердің тұрған орны және сапалылығы, құндылығына байланысты анықталған экологиялық шығынның орнын толықтыру енеді;

14) санитарлық-қорғаныс белдеуі - көгалдандырылған арнайы, қаланы өндірістік кәсіпорындардан бөліп тұрған қала тектес мекендер бөлігі, көлемі және ұйымдастырылуы, қоршаған ортаға өндірістік зиянды әсерінің сипатына байланысты болатын аймағы;

15) селитеб аумақ - қалалардағы жалпы пайдаланыстағы тұрғын үй, қоғамдық құрылыстар, көшелер, алаңдар мен жасыл көшеттер орналасқан жер учаскелері;

16) сквер - алаңды, қоғамдық орталықты, магистралды безендіру элементі болып табылатын, қысқа мерзімді демалуға және жүргіншілердің жүруіне арналған шағын көлемді жалпы пайдаланыстағы көгалдандырылған аумақ;

17) уәкілетті орган - жасыл желектерді қорғау және күтіп-баптау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша атқару органы."

4) Қағида қосымшамен толықтырылсын (қосымшаға сәйкес);

5) 14 тармағы мынадай редакцияда баяндалсын: "Азаматтардың, заңды тұлғалардың өз пайдалары нәтижесінде жүргізген (жүргізілетін) жасыл желектерді жоюдың өтем құны, осы қағиданың 13 тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда ескертіліп, қосымшаға сәйкес өтем бағалымын есептеумен өтеуге жатады."

III шақырылған қалалық  
мәслихаты кезекті XXVI

сессиясының төрағасы

А. Лепекоршев

Қалалық мәслихаттың

хатшысы

Қ. Бексұлтанов

КЕЛІСІЛДІ:

Қарағанды қаласының

Қазыбек би атындағы аудан әкімі

А. Сәлімбаева

Қарағанды қаласы

Октябрь ауданының әкімі

А. Ессе

Қарағанды қаласы бойынша

мемлекеттік

санитарлы-эпидемиологиялық

қадағау департаменті

филиалының бастығы

Т. Хамитов

Қарағанды қаласы

Қазыбек би атындағы

ауданның ішкі істер  
 басқармасының бастығы М. Қашкеев  
 Қарағанды қаласы  
 Октябрь ауданының ішкі істер  
 басқармасының бастығы Т. Нұрғалиев  
 Қарағанды қаласы әкімі  
 аппаратының мемлекеттік-  
 құқықтық бөлім бастығы Е. Ахметов  
 Қарағанды облыстық орман және  
 аңшылық шаруашылық аймақтық  
 басқармасының бастығы А. Бербер  
 Қарағанды облыстық қоршаған  
 ортаны қорғау аймақтық  
 басқармасының бастығы Б. Смағұлов  
 Қарағанды қалалық мәслихатының  
 2005 жылғы 15 желтоқсандағы  
 N 12 шешіміне қосымша  
 2005 жылғы 10 наурыздағы  
 қалалық мәслихаттың  
 N 3 шешімімен бекітілген  
 Қарағанды қаласында жасыл  
 желектерді күтіп ұстау мен  
 қорғау Қағидасына қосымша

### Қарағанды қаласы бойынша жасыл желектерді жою үшін төлем алу құны (өтем бағамы)

Ағаштар мен бұталардың тұқымы	Өлшем бірлігі	Төлем алу құны
Қаланы көгалдандыруда кең пайдаланылатын жапырақты бұталарды жою		
Дiңгекшенiң диаметрi 0,5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	1200
Дiңгекшенiң диаметрi 0,5 сантиметрден 1 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	2400
Дiңгекшенiң диаметрi 1 сантиметрден 1,5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	3600
Дiңгекшенiң диаметрi 1,5 сантиметрден 2 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	4900
Дiңгекшенiң диаметрi 2 сантиметрден және одан жоғары	бiр данасы /теңге	6000
Қаланы көгалдандыруда сирек пайдаланылатын жапырақты және қылқан жапырақты бұталарды жою		

Дiңгекшенiң диаметрi 0,5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	3700
Дiңгекшенiң диаметрi 0,5 сантиметрден 1 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	7300
Дiңгекшенiң диаметрi 1 сантиметрден 1,5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	11000
Дiңгекшенiң диаметрi 1,5 сантиметрден 2 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	14500
Дiңгекшенiң диаметрi 2 сантиметрден және одан жоғары	бiр данасы /теңге	18200
Қаланы көгалдандыруда кең пайдаланылатын жапырақты ағаштарды жою		
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	2400
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрден 10 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	4900
Дiңгегiнiң диаметрi 10 сантиметрден 15 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	7300
Дiңгегiнiң диаметрi 15 сантиметрден 20 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	9700
Дiңгегiнiң диаметрi 20 сантиметрден және одан жоғары	бiр данасы /теңге	12100
Қаланы көгалдандыруда пайдаланылатын жапырақты ағаштарды жою		
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	4900
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрден 10 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	9700
Дiңгегiнiң диаметрi 10 сантиметрден 15 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	14600
Дiңгегiнiң диаметрi 15 сантиметрден 20 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	19400
Дiңгегiнiң диаметрi 20 сантиметрден және одан жоғары	бiр данасы /теңге	24300
Қаланы көгалдандыруда сирек пайдаланылатын жапырақты және кең пайдаланылатын қылқан жапырақты ағаштар жою		
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	7300
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрден 10 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	14500
Дiңгегiнiң диаметрi 10 сантиметрден 15 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	21800
Дiңгегiнiң диаметрi 15 сантиметрден 20 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	29100
Дiңгегiнiң диаметрi 20 сантиметрден және одан жоғары	бiр данасы /теңге	36400
Қаланы көгалдандыруда сирек пайдаланылатын қылқан жапырақты ағаштарды жою		
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	24300
Дiңгегiнiң диаметрi 5 сантиметрден 10 сантиметрге дейiн	бiр данасы /теңге	48600

Діңгегінің диаметрі 10 сантиметрден 15 сантиметрге дейін	бір данасы /теңге	72800
Діңгегінің диаметрі 15 сантиметрден 20 сантиметрге дейін	бір данасы /теңге	97100
Діңгегінің диаметрі 20 сантиметрден және одан жоғары	бір данасы /теңге	121400

Е с к е р т у :

1. Жеке тұрған ағаштардың өтем бағамы кейін діңгегінің диаметрі бойынша анықталады. Өйткені қала жағдайында көрсетілген биіктікте өлшеулерді тұрақты өткізу мүмкіншілігі жоқ, әсіресе желектерді заңсыз жою жағдайында, ал мұндай жағдай болмаған себепте, төмен, бірақ жер деңгейінен 30 сантиметрдегі биіктіктен кем емес. Өтем бағамын есептеу кезінде көптеген ауытқылардан болмауы үшін оны кесте бойынша жүргізу ұсынылады, қай жерде ағаштар топтарға діңгек диаметрлерінің сатысы бойынша бөлінген - саты қадамы 5 сантиметр.